

Қ.А. Биманов,

ҚазГЗУ, Конституциялық құқық және мемлекеттік басқару
кафедрасының аға оқытушысы

Кеден одағының кеден заңнамасын жүйелеу мәселелері

Әлемдік интеграциялық үрдістің дамуы әсерінен посткеңестік елдері де тыс қала алмады. Өзара тиімді экономикалық мүдделестік негізінде одақтасудың үлгісіне Еуропалық одақтың құрылу тәжірибесі алынды, яғни ең алдымен Еуроодақтың кедендік одақ ретіндегі алғашқы қалыптасу кезеңі қарастырылды.

Бұл елдердің тәжірибесі кедендік одақтар экономикалық дамуы біртектес елдердің халықаралық тауар нарығында артықшылыққа ие мемлекеттерге қарсы бірлесіп, тойтарыс беру үшін құрылатынын көрсетті. Сондықтан әлемдік нарықтағы басымды бәсекелестерден қауіптенетін елдер бірыңғай кедендік одаққа бірігіп, кедендік баж салығы, көлік тарифтері және өзге де түрлі шектеулер арқылы өз тауар өндірушілерін қорғайды.

Еліміздің сыртқы саясатында ТМД кеңістігінде түрлі форматтағы және түрлі деңгейдегі ынтымақтастық негізіндегі мемлекетаралық өзара тиімді байланыстарға басымдық берілген. Соңғы он жылдың көлемінде бұл үдерістің интеграциялық негізі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық болғаны белгілі. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық қоғамдастық елдерімен жүргізген сансыз келіссөздерінің нәтижесінде 2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің Кедендік одағы құрылды. Осылай, ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үрдістің маңызды кезеңі Қазақстан - Ресей - Беларусь кедендік одағының құрылуы (2011 жылдың 1 шілдесінде үш елдің бірыңғай кедендік кеңістігін құру аяқталды), сондай-ақ 2012 жылдың 1 қаңтарынан Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуы болды [1].

Кедендік одақты және жалпы экономикалық кеңістікті қалыптастыру - бұл көптеген қатынастардың үйлесімділігін нығайтуды талап ететін, күрделі, көп жоспарлы үдеріс болып табылады. Бұл қатынастарды жүзеге асыру негіздері Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге

арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығында нақты көрсетілді. Онда кеден заңнамасы кедендік ережелер мен рәсімдерде халықаралық сауданы және алмасуды дамытуға кедергі келтіретін алшақтылықтарды жою мақсатында кедендік рәсімдерді оңайлату және үйлесімді ету бағытында дамуы, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты ынталандыруы қажет деп көрсетілген [2]. Осы қатынасты реттеу үшін 2009 жылы кеден органдарының күші Кеден одағының нормативтік құқықтық қорын қалыптастыруға, кеден тәртібін оңайлатуға және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталды. Брюссельде 1999 жылғы 26 маусымда қабылданған Кедендік рәсімдерді оңайлату мен үйлестіру туралы халықаралық конвенцияға қосылды. Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт қабылданды. Кеден одағының ортақ Кеден кодексін дайындауда келесідей көптеген құжаттар басшылыққа алынды:

1. Киото конвенциясы (1973 ж.);
2. Халықаралық құқық нормалары;
3. Кеден одағында кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар.

Жаңа Кеден кодексі бойынша кедендік одаққа мүше елдердің ішкі шекараларында кедендік бақылау мен кедендік құжаттау жүргізілмейді, одаққа енген елдер аумағында бір реттік кедендік құжаттау рәсімделеді, сыртқы саудамен айналысатындардан ұсталатын алымдар барынша қысқартылады. Жаңа кодексте «кедендік одақтың кедендік аумағы» және «кедендік одақтың кедендік шекарасы» деген түсініктер енгізілген. Бұл жаңа түсінік кедендік одақтың мәнін айқындайды және құқықтық жүйе нормалары тек ортақ Кедендік кодекспен реттеледі. Онда сондай-ақ арнайы ықшамдалған шараларды жүргізетін өкілетті экономикалық оператор институты, декларанттардың мүддесіне сай қызмет ету құқығы берілген «кедендік өкіл» түсінігі енгізілген. Кедендік одақтың жаңа Кедендік кодексі оның түпкі нұсқасы арнайы жұмыс тобының өзгертулері мен толықтырулары түгел енгізіліп, одаққа мүше елдер Парламенті ратификациялағаннан кейін күшіне енді. Кеден одағының кеден кодексі туралы шарт

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мемлекет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесінің (кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы №17 шешімімен (Минск қаласы) қабылданды. Алайда, ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2010 жылғы 1 шілдеден бастап Кеден одағының кеден кодексі қолданысқа енгізілді. Кеден одағының кедендік аумағында кедендік реттеудің негіздерін құру; кеден одағы кеден кодексінің нысаны мен мазмұны бойынша жаңғыртылған тікелей әрекет ететін нормаларын құру Кеден одағының кеден кодексін әзірлеудің мақсаты болып табылды.

Кедендік одақ елдері үшін кедендік қызметте тек ортақ Кеден кодексі ғана емес, кеден қызметін реттейтін басқа да актілер қолданылды. Атап айтқанда, кедендік одақ елдері арасындағы халықаралық келісімдер, Кедендік одақ комиссиясының шешімдері осындай құжаттарға жатады. Мысалы, Минск қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы мемлекетаралық Кеңесінің (Кедендік одақтың жоғарғы органы) «Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы кедендік одағының бірыңғай кедендік-тарифтік реттелуі туралы» 2009 жылғы 27 қарашада №18 шешімі қабылданды. Жалпы кедендік одақтың заңнамалық базасының қалыптасу процесі мемлекеттердің экономикалық саясаттарының өзара келісімдері негізінде реттеліп отырды [3].

Қазақстан Республикасының интеграцияны одан әрі реттеу негізі Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы жолдауында да анықталған. Онда «Біз ХХІ ғасырдағы жаһандық сын-қатерлерге еуразиялық интеграцияны терендетумен жауап берудеміз. Біз Ресеймен және Беларусиямен бірге Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастырдық, Еуразиялық экономикалық одақ құруға келе жатырмыз. Бұл - жалпы өңірлік тұрақтылықтың, біздің экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маңызды факторы» деп баяндалған [4]. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауындағы «Еуразиялық экономикалық одақ» құру мәселесі алдағы уақытта еліміздің көптеген заңнамасын жүйелеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. URL: [http:// www.economkaz.kz](http://www.economkaz.kz)
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы.
3. URL:<http://www.elgazeti.kz>
4. Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 2012 жыл 27 қаңтар.